



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Барыс жылы денсаулық, береке, бірлік әкелсін!



Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп

Ахмет бабамыз айтқанындай халықтың көзі, құлағы, нәм тілі болып келе жатқанына 90 жылдан астам тарихы бар аудандық басылымның еңбегі орасан. Алайда бұл сөзді өзіміз емес, қалың елдің, қараша халықтың, ойлы оқырманның айтқаны бек жақсы. Осы жылдар ішінде қаншама азаматтардың қолтаңбасы қалды. Қаламының қарымды да қанық бояулары қалды. Қалың қарашаның қаперінде өшпес, өлмес есімдері қалды. Олардың аты-жөндерін тізбектемесек те тіршіліктегі тірлігі көптің есінде қалды. Күннен күнге, айдан айға, жылдан жылға қарышты қадамын басып, қалың орман қазағының көкейінде жүрген сан сауалдың жауабын ағытып, сан пікірдің пішінін келтіріп газет беттерінде ойлы да оральмды мақалалар жазып жүрген әріптестеріміздің әрқелкі дүниелері оқырман назарына ұсынылып келеді. Жылдан жылға шынында жасарып, жарқырап келе жатқан басылымның басып өткен баспалдақты бейнетіне бек риза көңілдеміз. Арғы жылдан өткен жылымыз, өткен

жылдан биылғы жылымыз жақсарып келеді. Ауданда көптеген оңды істер атқарылып халықтың қуанышына айналды. Ол игілікті істер барлығы аудандық газет бетінде сүйіншілеп жазылды. Соңғы уақыттағы қуанышты шараларға ғана тоқталсақ Сұлтан Қожанов атындағы өлкетану музейінің жаңа ғимаратқа көшуі, жастар орталығының жаңа ғимараты, ауылдар мен елді мекендердегі спорт алаңшалары, аудан орталығына Түркістан шаһарынан кіре берісте салынған үлкен қақпа, Қарақұр ауылындағы мәдениет үйінің ашылуы, Шу ауылындағы ауыл әкімдігінің жаңа ғимараты, Ақсүмбе ауылындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы орта мектебінің ірге тасының қалануы сияқты қуанышты жағдайларды өз еншісіне алтын әріптермен жазған 2021 жыл бізбен қимай қоштасып барады. Ал өзіміздің редакцияға келсек, 2021 жылы аудандық «Созақ үні» газетіне жаңа басшы келді. Көптеген тың бастамалар мен ұсыныс пікірлер сарапталды. Алдымен аудандық басылым мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтату

мақсатында «Тіл жанашыры» байқауын өткізіп, оған ауданның ауыл, кент әкімдіктерінен 20-ға жуық үміткерлер қатысып бақтарын сынады. Ол байқауға аудандағы қаламгер қауым арасынан, тиісті салаларға тән мекеме, бөлімдерден қазылар шақырылды. Жас таланттардың жаңа есімдері танылды. Аудандық газетте қолтаңбасы қалған ардагерлер мен өмірден озып кеткен редакция қызметкерлерінің жанұя мүшелерін шақырып ас өткіздік. Аудандық редакцияның ішіне әрлеу жұмыстарын жүргіздік. Өндіріс орындарының көмегімен, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің қолдауымен біршама жиһаздарымыз жаңарып қалды. Редакцияның тапқан табысы есебінен компьютерлер мен құрал-жабдықтар ауыстырылып, жаңартылды қалды. Тілшілеріміз Нұрсұлтан Шертаев пен Данияр Беков Қазақстан Журналистер Одағының мүшелігіне өтті. Жауапты хатшы Мақсат Қарғабай Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылданды.

(Жалғасы 3-бетте).

Құттықтаулар!

Жақсылықтардың жаршысы болғай!

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Өткен жылға ой қорытып, алда атқарылар тың істерге ұмытылып, жаңа жоспар құратын жаңа жыл бәріміз асыға күтетін— ерекше мереке.

2021 бәріміз үшін елеулі жыл болды. Бел белесті бағындырдық. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесін атап өттік. Ел болып береке бірлігіміз артты, қоғамның барлық саласына игі істер жалғасын тапты. Әлемді жайлаған індет сынды қиындыққа қарамастан жеткен жетістіктеріміз бен жеңістеріміз, берекеміз бен ырыс мерекеміз мол болды!

Аудан көлемінде толайым табыстарға қол жеткіздік. Әлеуметтік-мәдени нысандар ашылды. Жаңа білім ошақтары пайдалануға берілді. Ауыл елді мекендерде балалар және футбол алаңы салынды. Жол төселіп, газдандыру жұмысының құрылысы қарқын алды. Таза ауыз су іске қосылып, зәулім ғимараттар салынды. Халықтың әл-ауқатын көтеру жолында тағы бір қадам жасап, жұдырықтай жұмылды. Бұл өткен 2021 жылы атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана. Алдағы 2022 жылы атқарылар міндет, жоспарлаған жұмыс көп. Оны да халық бірлігімен татулығының арқасында бірге атқаратынымызға сенеміз.

Құрметті созақтықтар!

Баршаңызға денсаулық, елімізді өркендету жолындағы еңбектеріңізге мол табыс, отбасыларыңызға бақыт пен шаттық тілейміз. Жаңа жыл құтты болсын!

С.ПОЛАТОВ,
аудан әкімі,
Б.БАЙҒАРАЕВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

Құрметті ауданның білім саласының қызметкерлері!

Сіздерді Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлері кәсіподағы комитетінің атынан келе жатқан Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өткен жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесі аталып өтті. Тәуелсіздік жылдары ауданымыз әлеуметтік экономикалық тұрғыдан дамып, алдыңғы қатарлы ауданға айналды. Жаңа мектептер, балабақша, спорт ғимараттарымен әлеуметтік нысандар салынды. Халықтың әл-ауқаты көтеріліп, білім саласы да үлкен жетістіктерге жетті.

Сонымен қатар ауданымыздың білім саласы үшін мол табыстарға, жақсы жетістіктерге толы жыл болды. Осындай жетістіктердің бәрі Сіздердің жүйелі жұмыстарыңыз бен үздіксіз ізденістеріңіздің нәтижесі деп білеміз.

Алдағы жыл тек игі жақсылықтарымен, мол қуаныштарымен терімізден орын алсын. Осыған орай еліміздің жас ұрпақтарына білім мен тәрбие беруде білім саласы қызметкерлерінің еңбегі ерекше маңызға ие.

Жаңа жылда шығармашылық ізденістеріңіз толастамай, әрбір игі істеріңіз бен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыларыңызға баянды бақыт пен бақ-береке тұрақтасын!

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, әрбір күндеріңізге қуаныш пен бақыт тілейміз.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
Н.АЙДАРОВ,
Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы,
М.ҚАСЫМ,
Білім қызметкерлері аудандық кәсіподағы комитетінің төрағасы.



Барыс жылы баршаға бейбітшілік пен бақыт әкелсін!



Ағымдағы 2021 жыл еліміз үшін елеулі оқиғаларға толы болды. Мемлекетіміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Қазақстан Республикасының Прокуратурасына 30 жыл, Желтоқсан оқиғасына 35 жыл секілді тарихи мерейлі мерекелер жылы болып есте қалары анық.

Өткен жылдан бері әлемді жайлаған індет біздің елімізде де айналып өтпегені рас. Талайдың жанын жаламаған тажал індетпен күрес жолында елімізде түрлі сақтық шаралары қабылданып, жүзеге асырылғанының арқасында қауіптің беті бүгінде сөйілді. Індет тудырған бірқатар қиыншылықтарға қарамастан еліміз 2021 жылды табысты аяқтады деуге болады.

Міне, 2021 жыл да соңына жетті. Әр жыл өзінің жақсылығымен келеді. Барыс жылына да артатын үміт көп. Отбасымызға құт, береке, ырыс алып келсін. Жүзімізден күлкі кетпей, бақытқа бөленіп жүре берейік. Жаңа жыл жарылқасын, ескі жыл есіркесін. Лайым бұл жыл жаңа бақыт, жаңа қуаныш, жаңа жетістік ала келсін. Жылдан-жылға аман-есен жете берейік. Жаңа жылда жұмыстарыңыз табысты, денсаулықтарыңыз мықты, жүректеріңіз тыныш, дастархандарыңыз мол болып, тек жақсылыққа жайылсын. Барлық істеріңіз алдыға жылжып, бастамаларыңыз жақсы нәтиже берсін.

Жаңа жылда адамдардың көңілі аппақ қардай таза болсын. Мереке өмірімізге ғажайыптар алып келсін. Барыс жылында шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленгейсіздер. Жыл бойы көңілдеріңізді кір шалмасын, көктемнің сәлулығын, жаздың жылулығын тілеймін. Жаңа жыл сіздерге мықты денсаулық, баянды бақыт, жаңа жетістіктер және татулық әкелсін! Керегелеріңіз кеңейіп, шаңырақтарыңыз биіктей түссін! Жаңа бастамаларыңыз тек қана жеңіс пен сәттілікке ұласа берсін!

Ескі жыл - мұңның, өкпе-наздың барлығын артқа тастап, қиындық атаулыны өзімен бірге ала кетсін. Жаңа жыл жетістіктерге, әсерлі сәттер мен қуаныштарға толы болсын. Барыс жылында армандарыңыз ақиқатқа айналып, өмірлеріңіз жаңа белеске көтерілсін.

Барлығымыз үлкен үмітпен күтетін жаңа жыл жақсылығымен келсін. Арайлап атқан әр таң бақыт сыйлап, көңіл көкжиегіміз нұрлана берсін. Жанымыздан жақсы адамдар табылып, сәттілік серігімізге айналсын. Жүрегіміз мейірімге, жылулыққа толы болғай.

Жаңа жылдың қарсаңында өткен жылға қорытынды жасап, келесі жылға жоспар құру дәстүрлі іс. Сіздерге өткен жылдың ең қуанышты естеліктері мен жеткен жетістіктеріңізді бірге алып, сәтсіздіктерді арта қалдыруды тілеймін. Жаңа 2022 жылы үміттеріңіз ақталып, әр отбасыға ырыс пен береке, қуаныш келсін!

Жылыстаған жылдармен жылжып есен-сау жүре берейік! Көңілге қуаныш, жүрекке шаттық сыйлаған Жаңа Жыл құтты болсын. Бауырымыз бүтін, жақындарымыз аман жүрсін! 2022 жыл ырыс пен ынтымақтың, береке мен байлықтың, бейбітшілік пен бақыттың жылы болғай! Аялы арманымыз орындалып, жүректер жылудан айырылмасын!

Ролан ӘЛЖАНОВ,
«Nur Otan» партиясы Созақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихаттың депутаты.



Құрметті аудан тұрғындары! Ауданның ардагер қариялары!

Қазақстан халқының дүние жүзіндегі дамыған мемлекеттермен терезесі тең түсіп, өркендеп өсуі еліміздің тәуелсіздігіне тікелей байланысты. Ата-баба аңсап, арман еткен Ел Тәуелсіздігіне

Берекелі де мерекелі жыл болсын!

30 жыл толып, 2021 жыл айтулы мерекелерге толы болды. Ауданымыздың ардагер қарияларының халықтың әл-ауқатының артуы жолында әрбір істеген игі істері еленіп, сол кісілердің атына айтылған алғыстар мен марапаттар шынайылығымен көпшіліктің есінде қалды. Аудан ардагерлерінің әрбір жасаған жұмыстары мен бастамалары аудан халқына пайдасы тиді.

Өткен жылды саралап, келер жылға жүйелі жоспар құру, жаңа жыл қарсаңындағы әрбір азамат пен әрбір отбасының дәстүрі десек болады. Олай болса, аудан ардагерлерінің атынан барша аудан халқын келіп жеткен Жаңа Барыс жылымен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға табыс, шығармашылықтарыңызға шалқар шабыт тілеймін!

Жаңа 2022 жыл барша адамзат үшін қайырлы да берекелі, жайлы да табысты жыл болғай! Өркениетті еліміздің көк туы үнемі жоғарыда желбіреп, халқымыздың денсаулығы мықты болсын. Жаңа жыл құтты болсын!

Садық ӘБДІРАШҰЛЫ,
Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Жаңа жыл—жаңа өмірдің бастауы



Құрметті аудан тұрғындары! Сіздерді келе жатқан Жаңа 2022 жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа Жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мереке. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа Жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттанады.

«Ескі жыл есіркеп, Жаңа жыл жарылқасын» демекші, өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп. Өткен 2021 жылымыз еліміз үшін табысты, мерекелі-берекелі жыл болды десек артық айтпаған болармыз.

Баршаңызға келер жыл зор жетістіктерге қол жететін, ой - мақсаттар жүзеге асатын, арман - үміттер ақталатын жыл болсын.

Барыс жылы халқымыз игілікке, мемлекетіміз молшылыққа, әр шаңырақ береке, бақыт пен шаттыққа кенелсін.

Табалдырықтан аттағалы тұрған жаңа Барыс жылы табысты да тағылымды жыл болсын!

Іргебай ОМАР,
Созақ ауданының «Құрметті азаматы», зейнеткер ұстаз.

Жаңа жыл жақсылықтарын ала келсін!

Өткен жыл тарих қойнауына еніп, Жаңа жыл төрімізге озды.

Қашанда жаңа жылдан жақсылықтар күтетініміз рас. 2021 жыл да еліміз үшін мерекелі де берекелі жыл болды. Бұл жылы біз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын ел болып атап өттік. Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктеріміз айтарлықтай.

Сонау Тәуелсіздік алған жылдардың қиындығын көп болып жұмылып жеңіп, еліміз өсіп-өркендеу жолына түсті.

Тәуелсіздігіміз енді қолға тиген және жоғарыда айтылғандай қиындықтарды бастан кешіп жатқан ел егемендігінің алмағайып жылдарында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев:

-Заман тыныштығын берсе, бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден де қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шат тірлік орнар» деген еді. Кереген басшының айтқаны айнамай келіп, ауыр кезеңдерден сүрінбей өткен еліміз Елбасының басшылығымен 2000 жылдардың басынан ілгерілеушіліктерге қол жеткізе бастадық.

Тақтайдай тұзу жолдар салынып, мектеп, аурухана-лар жаңадан пайдалануға берілді. Ауыл, елді мекендердің тұрмыс-тіршілігі күн өткен сайын жақсара түсті. Шалғайдағы елді мекендерден де заманауи талапа сай білім ошақтары бой көтерді.

Ең бастысы еліміз тыныш. Бейбіт өмір салтанат құрып, жылдан-жылға халықтың күн көрісі де жоғарылап келеді.

Көпті көрген қариялар еліміздегі жетістіктерге қуанып, мерейіміз тасып, жүрегімізді қуаныш сезімі көрнеуде.

Отыз жылдық белестен өткен еліміз бұдан да биіктерден көріне беретініне сенімдіміз.

Жаңа жыл, жақсылықтар ала келсін!

Жұмабек ЖҮНІСОВ,
Еңбек ардагері, Тасты ауылы.

Денсаулықтарыңыз мықты болсын!



Қадірлі жерлестер баршаңызды келіп тұрған жаңа 2022 жылмен құттықтаймын. Өткен жылға өкпе жоқ десекте, ауыз толтырып айтар жетістіктерге де, сондай ақ кішігірім сәтсіздіктерге де толы болды. Адамның бірінші байлығы денсаулығы демекші, дендеріңіз сау болсын. Жер әлемде белең алған пандемия жойылып, елде тыныштық, бейбіт өмір, жақсы күндер көп болсын. Коронавирус пандемиясының салдарынан қаншама жерлестеріміз зардап шекті, қаншама жақындарымыз дүниеден озды.

Сондықтан әрбір адам өзінің өміріне, денсаулығына аса жауапкершілікпен қарап, карантин ережелерін сақтап, сақтанып жүргені абзал. Ауыл аймағымыз көркейіп, елдің әлеуметтік, экономикалық ахуалы артып, халқымыздың өмір сүру деңгейі жақсарып, жағдайы артсын. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа денсаулық, мол қуаныш, ынтымақ, береке- бірлік әкелсін.

Айжан МҰСАБЕК,
Созақ аудандық орталық ауруханасы бас дәрігерінің медициналық қызмет сапасын қадағалау жөніндегі орынбасары.

Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бір тілшіміз Нұржамал Майусова аудандық мәслихат сайлауына түсіп, бағы жанып депутат атанды. Тәуелсіздігіміздің отыз жылдығына орай жауапты хатшы Мақсат Қарғабай мен аға тілші Нұржамал «Тәуелсіздікке 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Сонымен қатар, редакциямыз көлікті болып бір жасап қалдық. Әр мекеме, бөлім басшыларының көліктеріне жабысып жүруден құтылды. Өз көлігімізбен шаруа қожалықтарына, өндіріс ошақтарына, ауылдар мен елді мекендерге салып ұрып жетіп баратын жағдайға келдік. Кешегі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында бір айлық көлемінде тапқан табысымыз есебінен ақшалай сыйақымызды алдық.

Газетке жазылу деген үлкен жұмыс бар. Ол газет қызметкерлерінің айлығы, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, еңбек өтілі, отбасы, еңбек демалысы сияқты адам факторы үшін өте маңызды мәселелердің өтеуінен шығатын шара. Жұрт газетке жазылмаса, газет оқымаса, онда редакцияда жұмыс атқарып нәпақасын тауып отырған жандардың халі мүшкіл болмақ. Осы мәселеде газет қызметкерлері Данияр Беков, Біржан Жандәулетов, газет бөлу жұмысында Багила Аязбаева, Нұрсұлтан Шертаев, Гүлжазира Шалданбаевалардың еңбектері өлшеусіз. Серіктестік директоры Ержан Бақытжанұлы бас болып Әлия Молдағұлова, Ахмет Байтұрсынов және тағы басқа



да ауданның жалпы орта мектептерінде болып, ұстаздармен жүздесіп, аудандық басылымға қатысты олардың көкейінде жүрген түйінді мәселелер төңірегінде әңгіме қозғап, оның шешу жолдарын бірге ақылдасты. Өндіріс ошақтарында болды. Серіктестік директоры Ержан Әбілпаттаев «Қазатомөнеркәсіп» АҚ ҰАК-на арнайы хатпен шығып, ортамыздан аға тілші Нұржамал Майусованы Нұр-Сұлтан қаласына жіберіп газетке жазылу мәселесі төңірегінде көмектесулерін сұрады. Осындай жауапкершілікпен ұйымдастырылған шаралардың арқа-

сында «Катюка» Біріккен кәсіпорны 2022 жылдың бірінші және екінші жарты жылдықтарына «СөзAQ үні» газетіне 600 данадан жазылатындарын мәлімдеді. Және де алғашқы жарты жылдыққа жазылып та қойды. Редакцияда жұмыс атқаратын азаматтардың отбасылық жағдайларына, әлеуметтік тұрмыстарына да көңіл бөлініп отыр. Туылған күндері де редакция басшылығы тарапынан елеп, ескеріліп келеді.

Енді алдағы жаңа жылдан кейін атқарылатын тың жобаларымызға келсек, алдымен мектептердің тарихы,

ондағы тың жаңалықтар мен бастамаларды, денсаулық, өндіріс ошақтары, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік салалар кеңінен қамтылатын болады. Талантты азаматтарды оның ішінде жастар, шығармашылыққа енді келіп жатқан түрлі жастағы азаматтарды және олардың шығармашылықтарын елге таныстыру мақсатында «Бұлақ көрсең көзің аш», СөзAQта туылып, бірақ жалпы барша Қазақстан мемлекетінің ғылымы, денсаулығы, мәдениеті, әдебиеті және басқа салаларында қызмет етіп, елге еңбек сіңіріп жүрген азаматтар туралы «Жерлестерімізбен мақтанамыз» айдарымен мақалалар әзірлеу, «Балалық шаққа саяхат», «Ескі суреттер сөйлейді», «Туған өлке тарихы», «Ата-ана», «Тіл мен діл», «Сыр сұхбат», «Ұстаз ұлағаты» және тағы басқа да жаңа сипаттағы айдарлар ашып, сол айдарлармен тұрақты жұмыс атқару басты парызымыз болмақ. Бұқаралақ ақпарат саласына қатысты аудан әкімінің бекіткен жұмыстар бойынша бекітілген жылдық жоспарға сай көптеген жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бекіткен іс жоспарына сәйкес мерейтой иелері, мерейлі отбасы сияқты түрлі мәдени-көпшілік даталарға байланысты түрлі шараларға да дайындықтар жүргізіліп келеді.

Барыс жылы баршамызға бақуатты денсаулық, бақ пен байлық, байсалды тірлік, берекелі бірлік әкелсін!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Барша шығыс халықтары секілді қазақ халқында да ескіше жыл қайыру деген ұғым бар. Сондай-ақ, бұл ұғым атабабамыздың хақ діні Ислам Орта Азия жеріне тарағанға дейін пайда болған. Асыл дінімізде бұл жыл қайыруға қатысты нақты үкімдер жоқ. Дегенмен, сонау ата-бабаларымыз алғаш ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдаған Қархандер заманынан бері басқа дәстүрлеріміз секілді шариғатпен біте-қайнасып кетпесе де халқымыздың санасынан жырақтап, тұрмысынан ұзақтап кете қоймады. Жалпы, бұл жыл қайыруға байланысты ел ішінде түрлі аңыздар айтылып, жазылып жүр. Солардың ең көп тарағаны, яғни, еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін жатқа білетіні сол: Аңдар мен жануарлар жылы, жылдың басы болуға таласқан екен. Содан, ары тартысып, бері тартысып: «қой, мұнымен бір шешімге келе алмаспыз. Онанда ертең таңертең барлығымыз осында жиналып, күннің шығуын күтейік. Кім жаңа күнді барлығымыздан бұрын көрсе, жыл басы соның атымен аталсын және онан кейінгі кезек те сол бой-боймен кетсін» деген бірауызды шешімге тоқтағандары жайлы аңыз. Аңызда айтылғандай, халық арасында: «түйе бойына сеніп жыл басын қағылыпты» деп, асықпай жүретін адамдарға қарата айтылған мақалдың басты кейіпкері түйе де сол жерде болыптымыс. Өзінің бойына сенген аңғал жануар өрмелеп, құлағына шығып алған тышқаннан айлашын асыра алмай, жыл басы болмақ түгілі, жалпы жыл атын иемденуден мақұрым қалыпты. Сонымен қатар, тағы бір аңызда «Шығыс күнтізбесіндегі жыл қайыру» көне түркі елінің бірінші патшасы Қисаға әскерлерімен кең көлемде аңшылыққа шығып, аң атаулы төнген қауіптен құтылу мақсатында Іле өзенінен жүзіп өтіптіміс. Не керек, мұнда да өзіндік 1-ші болып тышқан, артынша 2.Сиыр; 3.Барыс; 4.Қоян; 5.Ұлу; 6.Жылан; 7.Жылқы; 8.Қой; 9.Мешін; 10.Тауық; 11.Ит;

Барыс жылы-табыс жылы

12.Доңыз болып қалған аңдар мен жануарлар кезегімен кешіп өткен-міс. Міне, осы рет саны шығыс күнтізбесінде күні бүгінге дейін сақталып қалған-мыс. (Евгений Березиков «Великий Тимур» Ташкент. 1994 ж. 331 б.).

Кісінің туған жылы мінез-құлқына әсер етеді ме?

Жоғарыда айттым, тағы да қайталап айтамын: «Бұл ескіше жыл қайырудың пенденің мінез-құлқына әсері болады дегенге қандай да бір діни және ғылыми негіз жоқ. Діни негізі жоқ дегеніміз өзі де түсінікті шығар. Себебі, кезкелген мәселеге дәлел ретінде құраннан аят, сүннеттен бір риуаят немесе имам ағзам Әбу Ханифа секілді ғалымдарымыздың сөзі келмесе, демек, ол мәселенің діни негізі жоқ. Ал енді ғылымға келер болсақ, осы мақала газетке дайындалып жатқанда әріптестеріміздің барлығының дерлік туған жылы мен төменде, ескіше жыл қайыруға орай берілген мінезде-мәсімен салыстырып көрдік. Барлығы дерлік сәйкес келмей жатты. Сәйкес келмеуі де заңды. Олай дейтінім, біріншіден, кісінің мінез-құлқы қатып қалған қағида емес. Яғни, өзгеріп отырады. Мысалға, дүниеге шыр етіп келген сәбиді жақсы не жаман деп айтуға ерте. Қашан, ат жалын тартып мінетін жігіт болғанға (бәліғатқа толғанға) дейін ол да періште секілді күнадан пәк. Бұл жайында адамзаттың сұлтаны, ардақты Пайғамбарымыз: «Барлық адамзат баласы (нәсіліне, ұлтына т.б) қарамастан Ислам фитратында (мұсылман болмысында) жаратылады. Кейін, ата-анасы қолдан иаһуди, христиан немесе бұтқа табынушы етіп шығарады. Тура



бір, қорасындағы малдың төлінің көзін ұрып соқыр, аяғын ақсақ және құлағын кесіп шынақ еткен сияқты» деген. Бұған қосымша, жуырда ғана «Instagram» әлеуметтік желісінде жерлесіміз, КВН-ші Нұрсұлтан Жақсығеннің қатысуымен тәрбиелік мәні бар бір бейнеролик тарады. Сонда Нұрсұлтан Қасқырбайұлы өзінің жазылымшыларына (подписчик) арнап: «Ниетіңді түзетсең, амалыңа айналады. Амалыңды түзетсең, мінезіңе айналады. Ал, мінезіңді түзетсең, тағдырыңа айналады. Ал енді, сен өзің ізгі бір адам болсаң, тағдырың сені міндетті түрде жақсылықтың жағалауына апарары хақ. Сосын: «дұға тағдырды өзгертеді» деген хадис бар. Ендеше, тағдырымызды, яғни, ниетіміз бен амалымыздың және мінез-құлқымыздың жақсы болуын сұрап, Жаратқанға жалбарынуымыз керек. Себебі, ғалымдарымыз айтады: «Дұға қыл және дұғам қабыл бола ма, болмай ма? - деп үмітсіздік салынба. Егер, дұға қабыл болмайтын болса, онда ол сенің ауызыңа салынбас еді ғой» деп. Демек, мінезіміз ау баста осылай жазылып қойған деп, оны жақсы жағына қарай өзгертуге тырыспау дінге де

ғылымға да қайшы. Бұл жайында қазақтың жақсысы хакім Абай былай деген: «кісінің мінезін өзгертуге болмайды дегеннің тілін кесер едім». Ал, алашордашылардың көсемі Әлихан Бөкейханов: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», - деп өсиет етерде ұлт үшін маңызды болған бір-нәрсені меңзегені хақ. Әйтпесе, жоқ жерден дүниеден ұстын тұратын білімнен мінезді жоғары неден қойсын? Тура бір діннің қайнарынан қанып ішіп, ұлтының басынан 100 жылда немесе онан соң неңдей оқиғалар өтетініне сәуегейлік жасаған Мәшһүр Жүсіпке ұсап, тәуелсіздік алғаннан соңғы 30 жылда мемлекеттің басынан кешіретіндерін дөп басқандай. Нақтырақ айтсам, еліміз егемендігін алған осы 30 жылда бірқатар жетістікке қол жеткіздік десекте, мүмкіндігіміз бола тұра қол жеткізе алмағандарымыздың басты себебі сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың етек алатынына сәуегейлік еткендей. Олай дейтінім, өзі отырған бұтақты аралаған адамды ақымақ дегеннен басқа ауызымыз бара алмағаны сияқты, өзі бір мүшесі болып табылатын қоғамның іргесін сөккен адам жайлы не деуге болады? Өзі бір паршасы болған халықтың қазынасына қол салған бейопа перзентті мінезсіз демегенде кім дерсің? Соғыс және еңбек ардагерінің, онсыз да құдай уақытша мүмкіндігін шектеген мүгедектердің, әкесінен, жұбайынан жастай айырылып қалған жетім менен жесірдің ақысын жеген жемқорларды ең жаман теңеулермен сөз етпегенде не етерміз? Егер оларда мінез болса: «жоқ мұным дұрыс болмады, өз отбасымның, отанымның ошағын сөндіремек болдым. Өз елімің, жерімің және

халқымның тәуелсіздігіне опасыздық еттім» деп, өкіне кешірім сұрап, тәубе етер еді ғой. Жоқ, бұлардың мінезсіздіктің батпағына батқандары сондай, айналасындағы өздері секілді парақор, сыбайлас-жемқорларды өкімет ұстап, темір торға тоғытқан сайын өршелене түсуде. Соған қарағанда бұл мінез білімнен ғана үстем болмаса керек. Айтпағым, күн көсем айтпақшы адамды адам ететін еңбек емес, нақ осы Әлихан атам айтқан «мінез» екені хақ. Өйткені, еңбек еткеннен адам болса, я есек, я зейнеткерлік жасынан асса да атасының мүлкіндей жұмсақ креслосына жабысқан осы жемқорлар адам болар еді ғой. Демек, ұлтын сую ғана емес, адамдықтың биігінде қалу да мінезден ба дедім ғой. Ә, айтқандай! Жоғарыда Мәшһүр Жүсіптің: «қазақ халқы ХХ ғасырдың басында 70 жыл бойы көптің қол астында езілетінін, онан кейінгі 30 жыл ішінде де дүдәмал тұрмыс кешетінін, тек, мұнан соң барып қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келетінін» болжап кеткені жайлы сөз еткен едім ғой. Міне, сол Көпейдің ұлы, ісі қазаққа діндарлығымен, сәуегейлімен мәшһүр болған Жүсіп бабамыз айтқан өліара шақ осы. Ескіше жыл қайырсақ сиыр жылының шығып, барыс жылының кіретін шағы және мұнан былайғы: қоян, ұлу, жылан т.б жылдар. Иә, ендігі жерде, тек сол жастайынан медресе оқып, дін мен дәстүрге қанық Мәшһүр Жүсіптің айтқаны келсін деп тілейік. Олай дейтінім, бәлкім қазақтың құранның қайнарынан қанып ішкен ұлы ұлтының болашағын болжарда ұлы Иесінің: «Әрбір ауырлықтың соңынан міндетті түрде бір жеңілдік келеді» (Шарх сүресінің, 5 аяты) сөзін басшылыққа алса керек-ті. Сол себепті де өзінің бірнеше ғасыр өзгенің өзгінде болған халқың жақсылық атаулының қандайына да лайық көріп, сәуегейлік етуге тәуекел еткен шығар!

Данияр БЕК.

Құрметті аудан халқы, депутаттар. Өздеріңізге белгілі болғандай Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының талабына орай, тұрақты комиссиялар өздерін сайлаған мәслихат алдында жылына кемінде бір рет есеп беруі тиіс.

Ендігі жерде Сіздердің назарларыңызды өзім төрайымы болып табылатын тұрақты комиссияның өткен мерзімде атқарған жұмыстарына аудармақпын.

Жалпы, бүгінгі күнге дейін комиссияның барлығы 10 рет отырысы өткізіліп, оларда алдын – ала жоспарланған мәселелер қаралып, тиісті шешімін тауып отырды.

Атап айтқанда, Аудандық орталық емхананың атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарған жұмыс-



малдау, ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту жөнінде аудандық мәслихаттың сессиясына мәселе дайындау барысында комиссия мүшелерінің белсенділік танытқанын да айта кетуге тиіспін.

Бүгінгі сессияға аудан әкімдігі ұсынған «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» мәселені алдын – ала талқылап, қалыптастыру жұмысына тұрақты комиссияның мүшелері де белсене қатысып, бюджет жобасына байланысты ұсыныс – пікірлерін білдірді. Соның нәтижесінде жан-жақты ойластырылған бюджет жобасы қалыптасты деуге толық негіз бар.

Аудандық мәслихаттың «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссиясы бұдан былайғы кезде де тиісті заңдылықтарды күнделікті практикалық қызметінде басшылыққа ала отырып, өзіне жүктелген

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары!

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігімізге ие болғанымызға биыл 30 жыл толып отыр. Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қасиетті де қыбатты ештеңе жоқ. Ұлттық қасиетімізбен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде таныстырып, өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңіп, әлемдік аренаға көтерілді.

Құрметті жерлестер, еліміздің даму көшінде Созақтықтардың да өзіндік орны бар. Аудан тұрғындарының ерен еңбектерінің нәтижесінде өңірде экономиканың барлық бағыттары қарқынды дамып келеді. Әр салада жаңашыл бастама мен игілікті істер бар. Аудан тұрғындарының игілігіне арналған әлеуметтік нысандар жөндеуден өтіп пайдалануға берілсе, кешелер жарықтандырылып, кәсіпкерлік бағыттағы бірқатар қызмет көрсету орындары жұмысын жалғастырып келеді. Мұның бәрі берекелі бірлігіміздің арқасында жеткен жетістіктеріміз.

Алдағы уақытта да әлі талай игілікті істердің күәсі болатынымызға сенімдемін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын, ауызбіршілігіміз берік болып, жарқын болашаққа деген қадамымыз нық болсын. Келе жатқан жаңа жыл мерекесімен барша аудан халқын құттықтаймын. Жаңа жыл бірлік пен татулықтың жылы болсын.

Елдос ҚАБЫЛБЕКОВ,
аудандық мәслихаттың депутаты.



тары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, аудан әкімдігінің құрылыс бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, аудан әкімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, Қаратау, Құмкент, Жартытөбе ауылдық округі әкімдерінің есебі және тағы да басқа мәселелер қаралып, талқыланды, олар бойынша қабылданған шешімдердің орындалу барысы бақылауға алынып отырылды.

Тұрақты комиссияның атының өзі айтып тұрғандай, оның тікелей міндеті – заңдылықтардың сақталу-

на көңіл аудару, азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау және аудан көлемінде аумақтық орналастыру мәселелерін зерттеп, ұсыныстар жасау болып табылады. Өз кезегінде бұл жөніндегі міндеттерді «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссия мүшелері ортақ іске деген жауапкершілік деп түсіне отырып, талапқа сай атқарып келеді. Осы орайда комиссия мүшелері І.Бейсен, Р.Әлжанов, О.Төлепбергелі, Б.Нұрланов, Е.Қабылбеков комиссия отырыстарына барлық уақытта үзбей қатысып, өздерінің ойларында

жүрген ұсыныс – пікірлерін білдіріп отырады.

Тағы да бір айта кететін мәселе – тұрақты комиссияның өткізген отырыстары мен оларда қаралған мәселелер туралы аудандық «Созақ үні» газетінің беттерінде аудан жұртшылығына дер кезінде жеткізіліп келеді. Ал мұның өзі тұрақты комиссияның өз жұмысында жариялыққа назар аударып отырғандығының дәлелі болып табылады.

Комиссияның тағы бір ұдайы назар аударып отырған мәселесі – азаматтарды жұмысқа орналастыру және білім, денсаулық сақтау ісін, сонымен қатар, жолаушылар тасы-

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды жаңа 2022 жылмен құттықтай отырып, мықты денсаулық, ынтымақ, бақ-береке, бірлік тілеймін. Депутат ретінде айтарым өткен 2021 жылы аудан халқымен етене бірлесе отырып, бір қатар жұмыстар атқарылды. Көптеген игі шаралар өткізілді. Тәуелсіздігіміздің отыз жылдығын толағай табыстармен бүкіл ел болып қарсы алдық деуге болады. Сонымен қатар, жыл бойы тұрақты комиссия мүшелері, жергілікті халықтан келіп түскен өтініш, ұсыныстарды назарда ұстап, тиісті оңтайлы шешім табуына ықпал жасады. Алдағы жылдарда да ауданымыздың көркейіп, дамуына депутат ретінде, ауданның азаматы ретінде жүйелі жұмыс жүргіземіз дегім келеді. Ел болып бірігіп, туған өлкемізге адал еңбек етейік. Жаңа жыл мол жақсылығымен келіп, толағай табыстарға толы болсын ағайын!

Базарбай НҰРЛАНОВ,
аудандық мәслихаттың депутаты.

міндеттің үдесінен шыға береді деген сенім зор.

Құрметті жерлестер, жаңа 2022 жылды жақсы қарсы алып, жыл бойы толағай табыстар мен жетістіктерге қол жеткізуді нәсіп етсін. Елімізге тыныштық, халқымызға мықты денсаулық, ауданымыздың әлеуметтік, экономикалық көрсеткіштері ұлғая берсін демекпін.

Нұржамал МАЙУСОВА,
аудандық мәслихаттың депутаты, «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссия төрайымы.

Мемлекеттігіміздің алтын қазығы саналатын Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында Жартытөбе ауыл әкімшілігі, Бабата ауылындағы жалпы ұзындығы 6 км-ге созылған 9 көше толық асфальттанды. Бұл Елбасымыздың «Ауылым-ел бесігі» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар.

Қосымша мердігерлер компаниясымен тіл табуы нәтижесінде ұзындығы 600 метр болатын үш көшеге қиыршық тас түсірілді. Аудан әкімшілігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Байзақов Дулат Есалыұлының еңбегін ерекше айтып, елдің ризашылығы мен алғысын

«Ауылым-ел бесігі»

Қолдан келсе, қарттардан бата алайық



айтып кеткеніміз орынды. Басшы ретінде ауылға келіп, аралап көріп, қариялардың басын қосып ұсыныстары мен пікірлерін тыңдап үлкен азаматтық танытқан Дулат інімізге Алланың нұры жаусын, шексіз рахметімізді айтамыз дейді,- ауыл ақсақалдары.

Жұмыс сапасын қадағалап бақылау үшін ауылдық ардагерлер кеңесінің жанынан жұмысшы бақылау тобы құрылды. Олар: Әбдірашұлы С., Есбайұлы Е., Қарымбаев

Сәкен, Қасымов Мейрамбек, Ахметов Орынбасар. Осы азаматтар ауыл тұрғындарымен мердігерлер арасындағы байланысты нығайтып отырды. Ол байланыс жұмыстың сапалы болуына әсерін тигізді. Елдің алғысын алды.

Мердігер компания «Югдорстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бас директоры Махамбаев Миргани мен осы мекеменің учаскок бастығы Махамбаев Миркалонға да ризашылық пен ақ жарма алғысымызды білдіргіміз келеді.

Садық ӘБДІРАШҰЛЫ,
Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қоршаған табиғатқа жауапкершілік, жергілікті халыққа қамқорлық

«Оңтүстік тау-химия компаниясы» бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Қазатомөнеркәсіп» («ОТХК» БК) ЖШС) Ұлттық атом компаниясының құрамына кіреді және «Ақдала» мен «Оңтүстік Ыңғай» кеніштерінде уран кенін барлау мен өндіруді жүзеге асырады. Кәсіпорын қоршаған ортаға, сондай-ақ уран өндіру аумағына іргелес аймақтардағы халықтың денсаулығына, қауіпсіздігіне және өмір сүру сапасына әсері үшін өзінің жауапкершілігін толық мойындайды. Кәсіпорын басшылығы мен қызметкерлері экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған орта объектілеріне мүмкін болатын теріс әсердің алдын алу және азайту мақсатындағы барлық қажетті шараларды қабылдайды, осы мақсатта уран өндіру бүгінгі күні аса қауіпсіз тәсілмен – жерасты ұңғымалық шаймалауәдісімен жүргізіледі. Бұл әдіс бойынша, басқа жерасты суларынан су өткізбейтін қабаттармен оқшауланған, 160-тан 500 м-ге дейінгі тереңдіктегі уран шоғырланған қабаттарына жеткізілген технологиялық ерітінділер уранды таңдамалы түрде ерітіп, осы өнімді ерітінді ұңғымалар жүйесі арқылы насостар көмегімен жер бетіне жеткізеді. Өңдеу цехтарында осы ерітінділерден уран бөлініп алынып, ерітінділер қайтадан жер астынан уран алу өндірістік цикліне қайтарылады. Уран өндіру циклы аяқталғаннан кейін ұңғымалар тазалап жуылады, содан кейін цементтеліп тығындалады. Карьерлік немесе шахталық әдістермен салыстырғанда бұл әдісте топырақ қабаттарының бұзылуы өте төмен болады және де тау жыныстарының үйінділері немесе жердің беткі қабатының шөгуге орын алмайды. Технологиялық ерітінділердің қоршаған ортаға төгуіне жол берілмейді. «ОТХК» БК» ЖШС өндірістік қызметін қазақстандық экологиялық заңнамаға сәйкес, шығарындылар, төгінділер, қалдық-



лық фонды өлшеу арқылы міндетті өндірістік экологиялық бақылау жүргізіледі. Өндірістік қызметтің қоршаған орта объектілеріне әсерін азайту және оны қалпына келтіру мақсатында кәсіпорын табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізеді. Олардың ішіне мыналар кіреді: шығарындылар көздеріне шаң-газ ұстайтын қондырғылар орнату; құбырлардың, насостардың, резервуарлардың техникалық жарамдылығын бақылау; өндірістік қызмет әсер ететін барлық сулы горизонттардың жай-күйін бақылау; қалдықтарды уақытша сақтау алаңдарын бетондау, ағынды суларды тазарту қондырғыларын модернизациялау, кеніштер аумағын көгалдандыру. Барлық қауіпті қалдықтар арнайы контейнерлерде немесе арнайы бөлінген орындарда жиналады. Қауіпсіздік техникасын сақтау кәсіпорынның өндірістік қызметінде маңызды мәселе болып табылады. Радиоактивті материалдармен жұмыс жасау әрдайым қатаң бақылауда қамаланады. Қызметкерлерді қорғау

Ыңғай» кеніштерінің өндірістік қызметінің іргелес жатқан аумақтардың табиғи ортасына әсерін анықтау мақсатында, кеніштердің тау-кен телімі шекарасынан 10 км-ге дейінгі қашықтықта кешенді экологиялық зерттеулер жүргізді. Топырақ, жерүсті және жерасты сулары, атмосфералық жауын-шашын үлгілері алынып, зертханаларда олардың құрамындағы, уран өндірісі қызметінің айғағы болып табылатын көрсеткіштер (рН, сульфаттар, аммиак тұнбылары, радиациялық көрсеткіштер) анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кеніштер шекарасынан тыс жерлерде өндірістік қызметтің әсері анықталмаған – радиациялық көрсеткіштер жалпы фондық көрсеткіштергесәйкес келеді (жалпы фондық көрсеткіш ретінде кеніштер шекарасынан 10 км-ден асатын қашықтықтағы өлшемдер алынған). Іргелес аумақтағы құдықтан және ұңғымадан алынған судың құрамында табиғи тұздардың мөлшері және кермектілігі жоғары, оны ауыз су ретінде пайдаланар алдында филь-

ндемикалық түрлеріне ерекше назар аударылады.

Далалық зерттеулерде жоғары саптыдағы өсімдіктердің 26 түрі бар. Құстардың 70 түрі табылды. Сүтқоректілердің арасында кірпі, түлкі, көптеген кеміргіштер-сарышұнақтар, үй тышқандары, үлкен және тамарик құм тышқандар, құм қояндар бар. Бауырымен жорғалаушылардан дала ешкімері, оқ жылан, шапшаң және ұзын жолақ кесірткелер байқалды. Далалық бақылаулар нәтижелері бойынша, кеніштердің өндірістік қызметінің флора мен фаунаның түрлік құрамына әсері, сонымен қатар олардың қауіпті тіршілік ету ортасы анықталған жоқ. Осыған қарамастан, қазақстандық экологиялық заңнама мен халықаралық стандарттар талаптарына сай, кәсіпорын алдағы уақытта да аудандағы биоалуантүрліліктің жай-күйіне мониторинг жүргізіп, оны сақтау және қалпына келтіру мақсатында уақтылы шаралар жүргізетін болады. Жергілікті халықтың, кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың денсаулығы, қауіпсіздігі және өмір сапасы-кәсіпорынның тұрақты дамуының негізі. «ОТХК» БК» ЖШС жыл сайын кәсіпорынның кеніштеріне іргелес орналасқан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына бюджетке төлемдер жасайды, қайырымдылық акцияларына – балалар үйлері мен көп балалы отбасыларға көмек көрсетуге, әлеуметтік нысандар салуға қатысады. Жыл сайынғы «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында кәсіпорын жұмыс өңірдегі мұқтаж отбасыларға көмек көрсету үшін киім, аяқкиім, жолдорбалар, кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға ақшалай қаражат бөледі. 2020 жылы Созақ ауданының әкімі С.С.Полатовпен, «Созақ жастарының қоғамдық бірлестігі» ҰЕҰ-ның төрағасымен ірі жер пайдаланушылармен, сондай-ақ Қызылжар кентінің Тайқоңыр ауылында жергілікті халықпен кездесулер өткізілді. Кездесу барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, әлеуметтік салалар – денсаулық сақтау, білім беру және халықтың әлеуметтік қорғалуы, ауданның инфрақұрылымы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының даму деңгейіне ерекше назар аударылды. «ОТХК» БК» ЖШС қызметіне қатысты проблемалық мәселелер мен оны шешу жолдары талқыланды. Негізгі проблемалық мәселелер ретінде медициналық қызметтердің сапасы, сумен жабдықтау сапасы, жұмысқа орналастыру және қоршаған ортаның ластануы атап көрсетіліп, назарға алынды. Қорытындылай келе, жүргізілген кешенді экологиялық зерттеулердің нәтижесінде кеніштердің санитарлық-қорғау аймақтарының шекарасынан тыс жерлерде табиғи ортаға әсері анықталмағанын атап өткіміз келеді. Кәсіпорын қоршаған ортаның жай-күйі үшін өзінің жауапкершілігін түсіне отырып, экологиялық жауапкершілікті арттыру, қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелері мен жергілікті халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды алдағы уақытта да жүргізетін болады.



тардың түзілуі мен орналасуы жөніндегі нормативтердің талаптарын орындай отырып жүзеге асырады. Тоқсан сайын нормативтік талаптардың сәйкестігін тексеру үшін кәсіпорын аумағында және санитариялық-қорғаныш аймағында атмосфералық ауаның, топырақтың, жерасты суларының сынамаларын алу, радиация-

үшін жеке қорғаныс құралдары пайдаланылып, жұмыс орындары сумен тазартылады. Қалдықтарды тасымалдайтын көлік көму пунктіне шығар алдында арнайы ерітінділермен мұқият өңделеді. 2020 жылы, «ОТХК» БК» ЖШС-ның тапсырысы бойынша, «Жоғары технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ақдала» және «Оңтүстік

трлерден өткізу қажет. Қызылжар кенті мен Тайқоңыр ауылындағы ішетін су ауыз су сапасының нормативтеріне сай келеді (16.03.2015 ж. № 209 санитарлық ереже). Кеніштер орналасқан аудандардағы флора мен фаунаның ағымдағы жағдайына алғаш рет бағалау жүргізілді. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін, Қызыл кітапқа енген және

«Оңтүстік тау-химия компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС.

Сапар түн баласы хйықтап қарық болмады. Аунақшып жатып таң сәулесі терезеден себезгілей бастағаннан орнын тұрып кетті. Қаланың өзінде тұрмаса да, Сапар тұратын ауыл қаланың есебінде тіркелген. Бұл жерден де қалаға минут сайын көлік үзілмей қатынайды. Дене қимылын жасап, аула ішінде арлы-бөрі жүріп келіп, беті-қолын жуып сүртіне кіргенде келіншегі Айман шайды демдеп, сүтті пісіріп үлгеріпті. Сапар шай үстінде бүгін үйге кештетіп оралатынын ескертіп. Өзінің жұмысбасты адам екенін аңғартып өтті. Шын мәнінде соңғы кездері күйеуі Сапардың көңіл күйі ала-құла болып, ойы сан тарауға бөлініп, сарсаң болып жүргенін Айман аңғармаған еді. Сапар сары ала таксиге қол көтеріп, лып етіп іліп әкеткен таксидің ішінде қалың орман-қаланы бетке алып заулай жөнелді.

Ақторғын екеуі алдын ала сөз байласып та қойған. Сапар мінген такси сырғи желіп қаладағы диагностикалық орталыққа ат басын бір-ақ тіреді. Орталықтың ішін аралап жүріп Ақторғынды дәрігердің қабылдауы болып жатқан қабаттан тауып алды. Сол жолы ол Ақторғынды алғаш көруі еді.

Қабылдауға жазылған қыз-келіншектердің ортасында аршын кеуделі, аппақ аққу мүсін Ақторғын айрықша көзге түсердей еді. Оның Ақторғын екенін Сапар бірден таныды. Рас қаншама айлар хат жазысып жүрсе де, жіберген қаншама суреттерін көрсе де мына ғажайып портрет Сапарды тұрған орнынан тапжылтпай тастады. Олар бірін бірі осы уақытқа дейін «тірідей», «көзбе көз» көрмесе де бірден таныды. Ақторғынның жүзінен ибалы, ұяң, қазақы ұлық тәрбиенің самалы анық сезіліп тұрды. Ал Сапардың көзінде «Мен шынымен Ақторғынмен жүзбе жүз жүздесіп тұрмын ба?» деген таңырқау мен сарытап сағыныштың ұшқыны от шашып тұрды. Ақторғын екеуі аз-кем амандасып орталықтың ала көлеңке коридорында қатар отырғанда бір-бірімен дүрсілдей соққан жүректерінің атойлы үнін үнсіз тыңдап, тілсіз түйсікпен тілдесіп отырды. Ақторғын ішінен алау сезімнің өртіне малынып:

Алау еріннен сүйгім келеді,

Татайын дәмін ғажайыптың. Қасында мәңгі қалғым келеді,

Керегі қанша жұмақтың Ақыл-есімнен айырдың мені,

Өзіңді ғана ұнаттым!-деген өлең жолдарын ақырын қайталай берді.

Осылайша алғашқы кездесу, екі ғашық үшін мәңгілік ғұмырдың есігін ашқан сәт болды. Екеуі орталықтан шығып көше бойындағы талдардың көлеңкесімен белгісіз жаққа жүре берді... Олар бірінен бірі «қайда барамыз?» деп те сұрамады. Әйтеуір

«белгісіз бағытқа болса да бірге жүре берсек болды» деген сияқты. Ойлары мен саналары өзге ғаламшарда жүргендей бет алды жүре берді, жүре берді...



АҚТОРҒЫН

Сапар Ақторғынның қолтығынан демдеп, ұстамақшы болып еді.

Ақторғын: -Аға, мен қолтықтасып жүргенді ұнатпаймын. Оның үстіне олай дағдыланбағанмын, кешіріңіз,-деді.

- Кешірім сұраймын сені сүрініп қалмасын дегенім ғой,-деп сапар да ыңғайсыздана жауап қатты.

Керісінше ер адамның қолтығынан әйел кісі қолтықтаса еркілі,-деп Сапардың ала қырын көңіліне су сепкендей болды. Сапар үшін бұл күн демде өте шықты. Өзінен бір мүшелден астам жасы кіші аруды ол шынында құлай сүйіп қалған еді. Өмірінде мұндай балдай тәтті сәтті бастан өткермеген жігіт ағасы апта, ай бойы Ақторғынның қасында жүре беруіне бейіл еді. Мұндай да қазақ: «Е, байғұстың басын дуалап тастапты ғой деп мүсіркемеуші ме еді. Сапардың ойына осы сөз сап ете қалды ма әйтеуір езуіне ашы қыжылды күлкі келгендей мырс ете қалды. Осы уақытқа дейін бірін бірі сырттарынан танып, біліп жүргенімен де әлі сырласып, әңгімелесіп үлгермеген олар бірін бірі көптен танытын адамдардай өте жақындасып кетті.

Келесі жолы олар базар аялдамасында жолығысты. Өздері алдын ала уәделесіп келіскен жерлері осы тұс болатын. Екеуі әдеттегідей құшақтаспай, өбіспей қауышты. Тек Сапар Ақторғынды өзіне тартып бетінен ақырын сүйіп өтті.

-Аға! күтіп қалдыңыз ба?

-Жоқ. Оның үстіне күтсе несі бар!-деді ақырын сағатына қарап.

-Үлгергенім осы болды.

-Балаларды оятып, шай, тамағын беріп шыққаным ғой.

-Жақсы болыпты. Оқасы жоқ.

-Аға сіз айып етпесеңіз? Бүгін мен диагностикалық орталықтан өткендегі тексерудің қорытындысын алуым керек еді.

-Мейлі, менің қолым бос. Қайта қасыңда серік болып жүремін!- деп Сапар шын пейілін танытты.

-Ыңғайсыз емес пе? -Несі ыңғайсыз?

-Жеке тірлігіңіз болса, бітіре бересіз бе дегенім ғой

-Жоқ. Ақторғын! Менің жеке тірлігім сен ғана!

Олар осылай әңгімелесіп отырғанда қала көлігі зырылдап заулап диттеген жерлеріне жеткізіп тастады.

Қаладағы дизайн жұмысымен айналыстан Ақторғынның өмірі де тым ашы өксікке толы еді. Алып қашудың құрбаны болып, жоғары оқу орнын бітірер бітірместен бір отбасының кенже ұлына жар болып таңылды. Өмірге сәби әкелді. Күйеуі Жұмабек Ақторғынды шын ұнатып алып қашқан еді. Алайда ол «алып қашу» қасіреті екі тарапты да махаббат сәулесімен молықтыра алмаған еді. Осылайша мойынсыз, бассыз махаббаттың құлдығында жүріп, баласын қызғанатын ененің құқайы қоса өріліп, азапты күндері өте береді. Ақторғын жұмыстан, үйдің күндіз-түні бітпейтін шаруасымен жүріп денсаулығын да жоғалтып алған еді. Осы жалғыз ұлын дүниеге әкелгеніне он жылға жуықтаса да одан бері бала көтеру мүмкіндігі болмай қойды. Ол өзіне серік болар қыз баланың дүниеге келгенін қалап жүр еді. Алайда бұл Ақторғынның ойын жхбайы аса құптай қоймады. Оның үстіне соңғы жылдары Жұмабектің Ақторғынға деген көңілі салқын тарта бастаған сияқты. Ақторғын ешуақытта өмірге өкпе артқан емес. Не болса да қазақы тәрбиенің рухани күшінен бе не нәрсе болса да өзін кінәлілер қатарына бірінші қойып, кешірімшіл болуды әдетке айналдырған. Ақторғын соңғы жылдары қолынан қаламын тастамай, ойлы шумақтар, сырға толы жазбалар жазғанды ұнататын. Оңаша да ақ параққа мұңы мен сырын көз жасына шылай отырып төге түсетін. Әйтпесе дизайн қайда? жазушылық қайда? Адамды арман қанатына мінгізетін адамның ішкі жан дүниесі екен ғой. Сол жан дүние ғой мұхиттардағы толғындай көбік шашып, арпалыса туплап, ақтарылмай тынбасын деп жатқан. Осылайша Ақторғын жазған әсем

толғаныстар қалалық газет-журнал беттерінде оқырмандарының, әлеуметтік желідегі пікірлестерінің ыстық ықыласына бөленді. Түрлі жылы пікірлер мен сан алуан лебіздердің бірін де қаперіне алмай жүргенде Сапардың тікелей соққан телефон қоңырауы Ақторғынның бүкіл өмірін бәсқа арнаға бұрып жібергендей еді. Ақторғын түкке түссінбей:

-Сіз менің байланыс нөмірімді қайдан алдыңыз? Сіз езі кімсіз?-деп алғаш рет тіл қатқан еді.

-Сіздің историяңыз жазылған парақшаңыздан алдым.

Ақторғын өзінің парақшасына телефон нөмірін жазып қалдырғаны есіне түсіп, дереу ондағы телефон нөмірін өшіріп тастады. Әлбетте, бұл кезде кеш еді. Осылайша Ақторғын мен Сапардың мәңгілік дастаны басталып жүре берді.

Бұл жолы да олар алдын ала уағдаласқан жерде кездесті. Сапар ақырын ғана Ақторғынның бетінен өпкендей болды. Ақторғын да аса сыпайылықпен тартыншақтағанымен өзіне қадала қараған Сапардың көз қарасынан қызарған бет-жүзін алып қашты. Шымкенттің іші бастан аяқ карантин. Кафе, асхана, дүкен, саябақтардың бәрі жабық. Сапар мен Ақторғын иесіз қаңырап қалған дендробақтың ішін аралап ұзақ жүрді. Қошқар атаның өзенін жағалап, саябақ ішінде екеуден екеу ұстап алады. Саябақтың түкпіріндегі қалың бұталардың ішінде оңаша орналасқан бастырма астында бір-біріне үнсіз ұзақ қарап отырысты. Арасында әңгімелері де қызықты болды ма қатарласа қосыла күлісіп алады. Екеуі де бүгінгі күннің ұзаққа созылуын тілегендей кеш батқанша қонақ үйдің төртінші қабатында бірге болды. Екеуінің де бұрын соңды мұндай қымбат қонақ үйде болмағаны көрініп тұрды. Есік, терезені жабу, су ағызу, тіпті жарықты қосудың өзі пульт-

пен, карточкамен қосылып жұмыс жасайды екен. Екеуі қосуды білмегендіктен суық, қараңғы бөлмеде отыра берді. Аздан соң қонақ үй қызметкері келіп кеткеннен кейін сұрап, біліп алған соң өз істеріне қарқылдай күлісті. Әсіресе, қатты сықылықтап күлген Ақторғын болды. Ол бауырын жаза алмастан күліп: -Ә, ауылбайлар!- деп қояды езді өздеріне!

Ақторғынды құшағына алған Сапар шашынан иіскеп, бауырына басып ұзақ жатты. Әлден уақытта ол күндікке жүре-жүре шаршаған, оның үстіне денсаулығы да мәз емес Ақторғынның хйықтап кеткенін байқап, денесін көрпемен қымтай жауып, өз ойымен арпалыса түсті.

-Менің бұл ісім не? Мен өзі не істеп жүрмін? Отбасылы әйел. Оты бар, ошағы бар. Расында бұл не деген тылсым күш? Бір-біріне деген не деген сенім! Ол сенім қайдан келді? Сенім болмаса Ақторғын оңаша қонақ үйге келер ме еді? Қайдағы нәпсіқұмарлық? Ол сұмырайдың атын атаушы болма! Қорғансыз балапандай, ерні әнтек ашылып, алаңсыз ұйқы құшағында жатқан толған айдай толысқан ай мүсінді, аппақ денелі келіншекке ойы күмәнді, пейілі харам, кезкелген еркек әуейі әуесі қозып, нәпсісіне ерік бере алмауы мүмкін. Ал Сапардың бұл арам істен ойы алыс, сезімі серке еді. Келесі жолы да осы қонақ үйде, тура сол өткендегі нөмірде болғанында төсекте қопарыса аунасты.

Ақторғын екеуі бірінің бірі тілдерінің дәмін сорыса татысып, ұмар-ұмар арпалыса, ынтыға қауышқан сәттер де бойдағы асау қаны төгіліп, тасығы келсе де, арадағы ар деген алтын арқаудан асып аунап түспеді. Ақторғынның аялы көзқарасын, «аға» деген арманға қанат бітірер шуақты жүзін мәңгілік жоғалтып алудан асқан азап жоқтығын Сапар сол кездесулер кезінде анық сезініп жүрді. Екеу ара жазысқан хаттар да, жіберген суреттерде сақтаулы. Арагидік көріп, мауқын басып, сартап сағыныштың жібек желкенін арман теңізін желпи жіберіп алатын сәттерді жиілетті.

Ақторғынды қаланың жолаушы көлігіне мінгізіп, шығарып салып, қала шетіндегі үйіне қарай бет алған Сапардың алдағы күндерден не күтетінін, өзінің не күйге түскеніне есеп беру үшін оңаша уақыттың керек екенін ұғынды. Ақторғынды өзі алғаш көрген, өзі алғаш бейнесіне мәңгілік сақтап қалған күйінде қалдыру үшін енді сол сыйластықта қалумен шектелгісі келді. Енді кездесе не болады? Соншама асқақ сезімді аяқ асты лайлап алса ше...

Ақырында Сапар сан тарау ойын қорыта келіп Ақторғынмен арадағы байланысты бірнеше күндер үзе тұруға бел байлады. Өйткені жаттанды «дос болып қалайық!» деген сөз бұлардың арасында жүрмейтіні анық еді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.
(Жалғасы бар).

Құттықтау!

Еңбегін елі сыйлаған, жаны жайсаң сыйлы адам

Ұстаз жүрегі ерекше соғатын, адамзат баласының болашағына ерекше алаңдайтын бірден бір тұлға десек, сол ұлы жолда тынымсыз еңбек етіп жүрген құрметті жанның бірі Ештаев Берік Алпанұлы деп мақтанышпен айта аламыз. «Абай» атындағы жалпы орта мектебінде 20 жыл бойы үздіксіз басшылық лауазымын аса зор жауапкершілікпен атқарып, әрі ұстаздық қызметінде де абыройлы жұмысы өзгеге өнеге болған, апталдай азамат. Қарт Қаратаудың қойнауындағы «Сарыжаз» елді мекенінде дүние есігін ашқан азаматымыз, есейіп, ержетіп Шымкент қаласындағы пединституттың «Еңбек және физика» факультетін үздік тәмамдап, «Тасты» ауылында алғашқы қызметін бастап та кетті. Күш қайраты тасыған қажырлы азамат өзінің ізденімпаздығы арқасында мектеп директорылығынан, ауыл әкімі лауазымына дейін көтерілді. Білім саласындағы сапалы да, саналы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Құрмет грамотасымен», облыс әкімінің, аудандық білім бөлімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Асыл жар, аяулы әке, ұл-қыз тәрбиелеп отыр. Немерелерінің сүйікті атасы. Міне бүгін, ерекше еңбегінің арқасында зейнетке де шығып отыр. Бейнетіңіздің зейнетін көріңіз! Әулетіңіздің алтын діңгегі болыңыз!



Түркістан қаласы,
Орынгай ауылынан құда-құдағиы.

Хабарландыру!

13.01.2022 жылдан бастап «Түркістан облысы Созақ ауданы Шұқырой су қоймасында көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын ұйымдастыру бойынша биологиялық негіздеме» жобасы бойынша он жұмыс күн ішінде жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттамамен танысу, ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін Бірыңғай экологиялық порталында: <https://ecorportal.kz> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінен қарауға болады.

Жоба тапсырысшысы-«ALISHER SUPPLY ALLIES» ЖШС-і, мекен-жайы: ҚР, Шымкент қ., Қаратау ауд., Ақжайық ш.а., А.Еділбаев, көш., 10, тел.: +7 700 454 7070.

Жергілікті атқарушы орган - «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-і, а.shymabekova@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Объявление!

Проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений с 13.01.2022 года в течение десяти рабочих дней по проекту «Биологическое обоснование по организации озерно-товарного рыбного хозяйства на водохранилище Шұқырой Созакского района Туркестанской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений.

Заказчик проекта – ТОО «ALISHER SUPPLY ALLIES», адрес: РК, г.Шымкент, Каратауский р-н, мкр.Аюкайық, ул.А.Еділбаева, 10, тел.: +7 700 454 7070.

Местный исполнительный орган- ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», а.shymabekova@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Орының болсын жәннаттың кең төрінен

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған асыл азамат **Телегенов Әмір Беласарұлының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң жанның жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Мейір шуақ шащып өттің көңілден,
Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.
Сыйлы едің көпшілік жұрт, туысқа,
Өнеге алып өсті ұрпақ өзіңнен.
Енді Алла шапағына бөленіп,

Орының болсын жәннаттың кең төрінен, - деп, асыл азамат Әмір Беласарұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жежат, замандас достарының есіне саламыз.

Ас – 8 қаңтар күні (7 қаңтар – қонақ асы, Ы.Алтынсарин көшесіндегі өз шаңырағында) Шолаққорған ауылы, «Нұр-Аман» дәмханасында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақырушылар: Телегеновтер әулеті.



Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің ұжымы осы мектептің тәрбиешісі Темірәлиева Ақнұр Мәуленқызына сіңілісі

Темірәлиева Мадинаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Замандас келбеті

Кез келген мемлекеттің қалыптасуы мен даму жолында мемлекеттік қызметтің алар орны айрықша. Өткені, мемлекеттің саясатын, алға қойған келесі міндеттерін іске асыратын да мемлекеттік қызметкер. Сондықтан мемлекеттік қызметшіге қойылар талап, артылар жауапкершілік қашанда жоғары. Елбасы Н.Назарбаев: «мемлекеттік қызметші-жоғары моральді жауапкершілік, кәсіби білімін тәжірибиеде қолдана алу, адалдық, таза ниеттілік,



лықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Еңбек тек адал еңбек қана абыройға жеткізетіні сөзсіз.

Әсет Уалиевке өзіне сеніп тапсырылған осынау міндетті үлкен жауапкершілікпен еңсеріп келеді. Ауыл шаруашылығы егіншілігіне зиян келтіретін аса қауіпті зиянкестерге фитосанитариялық мониторинг пен бақылау, қадағалау жұмыстарын жүргізіп, зиянкестерден келетін қауіптің алдын алу мақсатында тынбай еңбек етуде.

Өз ісінің білікті маманы

белсенді өмірлік ұстанымы сияқты негізгі қасиеттерге ие болуы шарт, яғни мемлекеттік қызметтегі әр адам өз жұмысының маңыздылығын сезіне отырып өз елінің патриоты болуы тиіс» деп ерекше атап өткен болатын. Мұның өзі мемлекеттік қызметшіге қоғам мен мемлекет тарапынан қойылып отырған талаптың қаншалықты жоғары екенін көрсетеді.

Тәуелсіздігіміздің 30 жыл мереке қарсаңында мәртебелі қызметтің тұтқасын ұстап, ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген адам жайында сыр шертудің өзі бір ғанибет. Мақалаға арқау болып отырған Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы Уалиев Әсет Болатбекулы жайлы. Өз кәсібінің қыр-сырын

жетік меңгерген Ә.Уалиев білімді де білікті маман ретінде таныла біліп. Облыстың, ауданның алғыс хаттарымен марапатталған. Еңбек жолын 2006 жылы Алматы қаласында бастап, 2010 жылы ҚР АШМ АӨК МИК «РФД» БЭО» РИМ Созақ аудандық филиалының агроном-энтмолог маманы. 2019 жылы ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы. 2021 жылдың 3-желтоқсан күнінен бастап өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы. Сонымен қатар, аталған инспекцияның басшысының міндетін қоса атқаруда.

Әрине, жүктелген міндет, атқарар жұмыс ауқымды болары заңдылық. Ауыл шаруашылығы саласының қанша-

«Жердің жайын, егіннің бабын білмегеннің еңбегі еш» деп айтқандай. Әр зиянкестің даму кезінің (фонология) білмесе олармен күрес жүргізу тиімсіз болады. Әр мамандықтың өмірде қызығымен ауырлығы болады. Сондықтан, өз ісінің маманы атану көп еңбектеніп ізденуді қажет етеді. Және сүйікті мамандығына деген зор ынта мен сүйіспеншілігің болу керек. Сыпайы да кіші пейіл мінезімен танылған Ә.Уалиев жанұясында 3 қыз 1 ұл тәрбиелеп отырған аяулы әке. Білімі жоғары «агроном» мамандығының иесі.

Өз ісінің білікті білімді маманы саналатын Әсеттің деніне саулық, жұмыстарына сәттілік тілеп, еңбегің жана берсін дейміз.

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ.

Жарамсыз деп танылсын

Таукент поселкесінің тұрғыны Калмурзаев Жұмай Каримжановичтің әскери билеті жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Хабарландыру

«Нұр-надия» ЖШС-нің 10.12.2021 жылғы №КЗ60RYS00193679 санды «Түркістан облысы Созақ ауданындағы «Оқтас-1» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» белгіленіп отырған қызмет туралы өтініші «Созақ ауданы әкімдігінің ресми сайтында» жарияланды.

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Сұлтанбек хан көшесі, 67 және 8 705-900-06-01, +7 707 522-61-86 телефондары бойынша алуға болады.

Объявление

Заявление о намечаемой деятельности ТОО «Нұр-надия» от 10.12.2021 года за №КЗ60RYS00193679 «План горных работ для добычи песчано-гравийной смеси на месторождения «Оқтас-1» в Созакском районе Туркестанской области» был опубликован «официальным сайте акимата Созакского района».

Дополнительную информацию о документах проекта можно получить: Туркестанская область, Созакский район, село Шолаққорған, ул. Султанбек хана, 67 и по телефону 8 705-900-06-01, +7 707 522-61-86.

Мейрам күндері тағамнан уланудан сақ болайық!

Мейрам күндері дастархан жаю біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр және дастархандағы тағам түрінің алуан түрлі болуы жаңа жыл молшылық әкелуі ұғымымен байланысты. Алайда, мейрамның бірнеше күніне жететін мол тағамды дайындай жүріп, ұзақ сақталған тамақтың денсаулыққа кері әсерін тигізетінін ұмытпайық. Көбінде, тамақтан улану жағдайы мейрамның үшінші күндерінде дереу артады,оның себебі тоңазытқышта екі-үш күннен артық сақталған, мейрамға дайындалған қал-

дық тағамдарды қолдану болып табылады. Әсіресе, тағамнан улануды арттыратын тез бұзылатын тамақ өнімдері тобына жататын ет, балық өнімдері және майонезбен әрленген салаттар. Және де осы топқа жататын десерттер, май және қаймақ кремдерімен әрленген торттар. Бұл өнімдер ауру тудыратын алмаларды жуып қана емес, қабығын тазалауды кеңес береді, өйткені қабығындағы зиянды заттар

тағамнан улануды болдырмай да, аллергиялық реакцияға әкелуі әбден мүмкін. Егер тәулік бойы жалпы аурушандық жағдай жақсармай, керісінше, дене қызуының көтерілуі, тоқтамалы құсу және іш өту белгілері күшейіп, аурушандық жағдай нашарлай бастаса, бұл жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгіну қажет, ал аурудың асқыну жағдайында «жедел жәрдемді» шақырған дұрыс.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басшысы.

Арқабай банкоматтан айлығын түгелімен алды. Бұрындары 5-10 мың теңгесін шақыртқыға қалдырып қоятын. Бұл жолы теңгелерін түгелімен алған себебі Жаңа жылға қажетті заттар алмақ ниетте еді.

Базардың алды ығы-жығы халық, бір бұрышта торт сатылуда, әне анау тұста ойыншықтар, шампан шарабы, балалардың түнде ататын от шашулары, әйтеуір жұрт жаңа жылды қонағындай қарсы алуға барынша қам-қарекеттенуде. Арқабай еттің бағасын көре кетейін деп ішке кірген сәтінде әлденеге таласа даурыққан топты көрді. Байқаса шырша сатылып жатыр екен. Бұл да арпалыса даурыққан топқа қойып кетті. Әлден уақытта өзінің бойындай шыршаны ұстап шықты. Қалада оқу оқып жүрген балаларым қуанып қалатын болды деп, үйіне асыға жөнелді. Үйіне алып келе салысымен жұбайы екеуі үйде жатқан түрлі салпыншақ ойыншықтарды іліп, әп-сәтте шыршаны сәндеп тастады. Аядай ғана бөлменің ортасын алған шырша осылай

ШЫРША

Арқабайдың шаңырағына Жаңа жылдан екі апта бұрын орналасып алды.

Алғашқыда кешке жұмыстан келгенде құлпыра төгілген шырша Арқабайдың көңілін көтеріп, жан дүниесін мерекелік күйге бөлейтін. Айтулы күн де жақындады. Қаладағы балалар да келді. Үй іші думанға толып, дәмге толы дастархан басы қуанышқа кенелді. Жымың қаққан Арқабай шырша орналасқан бөлмені балаларына қуана көрсетті. Алайда ұлдары Сұлтан мен Әлихан қуанудың орнына

әкесіне аңтарыла қарады.

«Әке шыршаны не үшін алдыңыз?»

«Балаларым-ау жаңа жыл емес пе?!»

«Әке, расында байыбына жетіп, тереңіне үңілмегендіктен кезінде шыршаны қуана тіктік, әрледік, шаттан әндетіп сыр айналдық. Бүгінде Тәуелсізбіз, өреміз өзгерді, санамыз жаңарды. Ұлтымызда жаңа жыл біреу ғана екенін білдік. Ол Наурыз мерекесі, ол мерекеде біз, яғни мұсылман халқы, оның ішінде қазақ

халқы тал егеді, көшет отырғызды. Ондағы мақсат көгерейік, өсейік, өнейік дейді. Ұрпағымыз жемісін жесін, күн ыстықта көлеңкесін саяласын, суықта дінін паналасын дейді.

Ал бұл жаңа жылды тойлайтын өзге ұлт. Олар өсіп тұрған көкпенбек шыршаны балталап шауып әкеліп, көгерген өсімдіктің обалына қалады. Тамыры шабылған шыршаны шыр айналған ұл-қызыңыз, немереңіз одан қандай өнеге, көңіл күй, қуат, қуаныш алады. Тамыры шабылып мұңға батып, қасіретке ұрынған шырша кімге қандай бақыт тілейді, қуаныш сыйлайды. Қандай алғыс, ақ тілек айтады, - деді.

Осы сәтте Арқабайдың көз алдына бөлме ортасындағы шырша қайыса егіліп, жылап тұрғандай болды. Арқабай осы өмір сүрген қырық жеті жыл ішінде, қырық рет жаңа жылды қарсы алып тұрып шырша туралы қырық секунд ойланбағанына өзі таң қалды.

Ол жаны жаралы шыршадан қалай құтыларын білмеді.



Ауыл мен Арқабай

Арқабай соңғы кездері ауылды жиі ойлайтын болды. Ауылдан кеткелі отыз жылдан асыпты. Сол кездегі өзі қатарлы асық атып, ләңгі теуіп өскен балалар елуден асыпты. Қазығы Қарағұрға қағылған қара бала, қарынды қара кісіге айналғалы бері себеп табылса ауылға барғысы келеді де тұрады. Өткен жолы ауылдас ағайынның тойына барып қайтты. «Ассалаумағалейкум», «Уағалейкумсаламнан» асырып айтарға әңгіме жоқ. «Қашан көлдіңнің» ол жақ, бұл жағы. Олар да жатырқап қалған ба? Бұл тосырқап қалған ба? Әйтеуір ауылдан отыз жыл бұрын кетіп ақырында анда санда сағынысып көріскен кісіге мүлдем ұқсамайды. Ақыры, айтар әңгімесі кемеліне келіңкіре-мегесін сытылып шеттей берді.

Қайта күнде көріп жүрсе де ауылдастар бір-бірімен әмпей әңгіме, жәмпей жаңалықтарын айтып тауыса алмай әжік-күжік болып жатыр.

Әлде олар Арқабайдың галстугі мен қырысынбай қылпылдап тұрған киімінен қашқақтай ма? Әлде қаланың күн түспейтін қапасы сорып тастаған «ақ шуберектей» бет-жүзінен қашқақтай ма? Әйтеуір араларында шексіз шетсіз шекара тұрғандай еді.

Өзі қатарлас ауылдас жігіттерді майлы жеңді жеңгелері сөзбен осықлап, қуаты жоқ қарғысымен қамшылап жатқанда іштей қызығып тұрды.

Мені де «қайным» деп жұлмалай ойнап есімді шығарса ғой деген сағыныштың самал желіне бетін тосқандай болғанымен жеңгелері

де «сізден» әріге бармай сусаған жүректі суыта түсті. Осылайша ауылға деген сағынышын екі-үш сағатта сарқып қайтқан Арқабай ауылдан қалаға ұзай берді. Ағалақтың қырынан қайырыла артына қарағанда аядай ауылы ақ тұманның арасынан ағараңдап көрінбей көмескіленіп қала берді.

Арқабай шалдың қатарлары сиреген сайын «шоқтығы биіктей түсті. Кешегі жылдарда небір елге сыйлы, сөзі өтімді қариялардың көзі тірі



кезінде Арқабайға босағадан да орын табылмай қалатын. Олар бар да сөз кезегі Арқабайды ат шаптырым айналып өтетін. Сол абыз ақсақалдар келместің кемесіне мініп кеткелі төр Арқабайға тиді. Сырт бейнесіне қарасаң көп-көрім қария. Шошаңдаған шоқша сақалы, судай жаңа тақиясы, ой-

нақшыған көзі кәдуілгі современный қариядан аумайды. Арқабайдың ішкі дүниесіне үңілетін болсам «сөйлемей келіп, сөйлемей кетсе» дегің келіп тұрады. Төр озып, жұрым елдің жүгені қолына тигесін Арқабай шала жаттаған дұғасын үрдек-дүрдек оқып болысымен естіген жаңалығын ортаға салады. «Пәленшенің көлігі соқтықты», «Түгеншенің қорасындағы қойы қолды болыпты». «Облыс әкімі ауданға келіп кетіпті», несін айтасың үйіндегі кемпір мен келіннің жиған ақпаратын жиылған ағайынға ақтарып аста-төк әңгімеге қарқ қылады.

Арқабайдың ас-ауқат жегені де өзінің болмысынан алыс емес. Тегіп-шашып сыпыра жейді. Арасында аузынан шайнағаны шашырай «әруаққа жеген тиеді», «ас тұрған жерде ауру тұрмайды» дегенді де жиі айтады. Кейде көптің арасынан қайын-жұртынан әлдекімді көріп қалса әңгүдік әзілден де әйдіктетіп, өзі айтып өзі күлетіні ә дегенде көпшіліктің құлағына ерсі тисе де, кейін оған да көптің бойы үйренді.

Әр ауылда осындай бір-бір Арқабайлар бары кәдік. Ел іші ғой. Осы Арқабайлар бар да асылдардың парқы, айтқан ақ шарбы, көңілге қонымды пәтуалы сөздері сағыныш болып қалады екен. Әрі абыз қарттардың асқақ бейнелері биіктеген үстіне биіктей түседі екен. Арқабай шалдар болмаса асылдардың парқын бағалай білмес-ек-ау!



От жаққыш

Арқабай ерте оянып сыртқа шыққанда ауыл айнала әлі шырт ұйқыда екен. Үйге қайта кіріп от жағудың қамына кірісті. Бұл үйдің от жағушысы Арқабай. Отбасын құрып жеке отау болып шыққалы қара пеш Арқабайдың «жеке меншігі». Алғашында үйіне келіп-кетіп тұратын анасынан, бауырларынан ұялатын. Алайда олар елемегенсіді ме, көрмегенсіді ме әйтеуір сөз де, елең де қылмады. Келген қонақтар да солай. Арқабайдың жалған намысына ешкім қылау жүгіртпеді. От жағу «әйелдің ісі-ау» деген Арқабайдың «жаман ойы» жарты жолда қалып, содан осы «қызымет» өзінің туа бітті ісіндей болды. Шатырлап жанған оттың қызуы үй ішін «жаулап» кіп-кішкентай балапандары көрпелерін теуіп тастап ұйықтағанда Арқабай өз «қызыметіне» өзі риза болатын. Кейде ары-бері іс-сапарға шыққанда «үй суып кетпеді ме екен?», «балалар жаурап қалмады ма екен?» деген олар іс-сапарынан да жоғары тұратын. Алғашында өзі қатарлас замандастары «отынды қатын жарады», «отты қатын жағады» деп ісіп-кеуіп мақтанғанда Арқабай қарадай төменшіктеп қалатын. Өз үйіне өзі кісі болғанды жаны қаламайтын Арқабай әйеліне болысып, үй тірлігінің бір шетінде жүргені де өз отбасының, өсіріп отырған ұрпақтарының болашағына деген жауапкершілігі ретінде ұғынатын.

Жаз шыға Арқабай қысқы от жағудан қолы босағанымен қыстық отынның қамына кірісіп қора-қопсысын отынға толтырып қоюды әдетке айналдырған. Отбасының жылуы әке мейіріммен толығып, аядай шаңырақтың берекесі бесенеден бейнетпен келетінін әйгілегендей қара пештің үстіндегі ала шәугім де ыңылдап ән айта жөнелді.

Газетіміздің келесі саны мерекелік демалыстарға байланысты 12 қаңтар сәрсенбі күні шығады.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.